



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР


Ақпан 2023

2023 жылдың ақпан айында инфляция 1,3%-ды құрап, бағаның жылдық өсу қарқыны 21,3%-ға дейін жеделдеді. Азық-түлік құрылымында ұсыныс төмендеп, жеміс-жидек пен көкөніс бағасы өсу үрдісін тоқтатқан жоқ. Бұл ретте күрішті қоспағанда, ет өнімдерінің, нан-тоқаш пен жарма өнімдерінің бағасы ұзақ уақыт бойы өсіп, кейін қарқыны баяулады.

Азық-түлік емес тауарлар бағасының өсуіне киім мен аяқ киімнің, жеке пайдаланылатын заттардың және қатты отынның қымбаттауы ықпал етті. Сонымен қатар, тұрмыстық техника мен жиһаз бағасының жылдық өсу қарқыны да баяулағаны байқалады. Тұтынушыға көрсетілетін ақылы қызметтер арасында реттелетін коммуналдық қызметтерге, теміржол мен әуе билеттерінің тарифі өсті.

2023 жылғы ақпанда тұтыну бағасының айлық өсімі 1,3%-ды құрап, жылдық мәнде өсім 21,3%-ға дейін жеделдеді (2023 жылғы қаңтарда – 20,7%).

2023 жылғы ақпандағы айлық маусымдық тазартылған инфляция 2022 жылғы қазаннан 2023 жылғы қаңтарға дейінгі баяулаудан кейін 1,2%-ға дейін жеделдеп, әлі де Ұлттық Банктің инфляция бойынша нысаналы бағдарынан жоғары қалыптасып отыр (1-график). Тауарлар тұрғысынан күз бен қыс мезгілдерінде қатты отын, жеміс-жидек пен көкөніс қымбаттайды. Осылайша, маусымына қарай тазартылған тұтынушылық бағалардың жоғары өсуі экономикадағы проинфляциялық тәуекелдердің әлі де сақталып отырғанын көрсетеді.




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Әр түрлі әдістермен есептелген маусымдық түзетілген базалық инфляция¹ 2023 жылдың ақпанында өткен қазан айынан бері байқалған баяулаудан кейін аздап жеделдеді (2-график).

¹Базалық инфляция, бұл – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Орташа қысқартылған баға өзгерісінің 10% ең төмен және 10%-ы есебінен осы айда ең жоғары маусымдық тазартылған баға өзгерісін алып тастау арқылы есептеледі; аса құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция – инфляция есебінен соңғы 2 жылда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісінің стандартты ауытқуы ең жоғары саналатын 8 компонентті алып тастайды; медиана осы айда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісін бөлудің 50%-дық перцентилі болып табылады.

2-график. Базалық инфляция: есептеудің әртүрлі әдістері, а/а




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

2023 жылғы ақпанда **азық-түлік** бағасы 1,5%-ға өсіп, жылдық мәнде 26,2%-ға дейін жеделдеді (2023 жылғы қаңтарда – а/а 1,4%, ж/ж 25,7%) (3-график). 2022 жылы өнімділіктің 14,4%-ға (ж/ж) төмендеуі салдарынан ақпан айында күріш бағасы үздіксіз өсті (а/а 4,4%, ж/ж 44,9%). Бұл құрғақшылық пен егіс алқаптарының азаюына байланысты болды. Сондай-ақ, Ресейге күріш экспортының артқаны байқалады. Ол 2022 жылдың қорытындысы бойынша заттай мәнде 42,2%-ға өсті. Қазақстанның оңтүстігіндегі қалыптан тыс аяздан және егіннің бір бөлігінің жоғалуы салдарынан ақпан айында жеміс-жидек пен көкөністің жекелеген түрлері тоқтаусыз қымбаттады. Сөйтіп, сыртқа әкетуге тыйым салынғанына қарамастан², пияз бағасы а/а 28,5%, ж/ж 105% өсті. Қияр мен қызанақ та қымбаттады.

Ұзақ жеделдеуден кейін 2023 жылдың ақпанында ет пен нан-тоқаш өнімдеріне және жарманың кейбір түрлеріне бағаның өсу қарқыны аздап баяулады. Ал, бағаны тұрақтандыру жөніндегі шаралар, оның ішінде, қантқа қатысты ішкі өндірістің артуы (2022 жылдың қорытындысы бойынша ж/ж-ға 38,6%-ға) алты ай қатарынан қанттың тұтыну бағасын төмендетуге негіз болды. 2023 жылғы ақпанда қант бағасы а/а 2,2% төмендеп, жылдық мәнде өсу қарқыны 55%-ға дейін баяулады (2023 жылғы қаңтарда – 60,9%).

3-график. Тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына қосқан үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері


² «Қазақстан Республикасының аумағынан пиязды әкетуге тыйым салуды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығы.

Ет пен дәнді дақылдардың әлемдік бағасы 2023 жылдың ақпанында іс жүзінде өзгерген жоқ (4-график). Алайда, АҚШ долларына шаққандағы теңге бағамының нығаюына байланысты ұлттық валютамызда көрсетілген сыртқы бағалардың төмендегені байқалады. Бұл ретте ұнға, нан-тоқаш өнімдері мен жармаға, етке ішкі бағалардың серпіні ақпан айында біршама баяулағанына қарамастан, өсу үрдісіне ие.

Қанттың ішкі және сыртқы бағалары арасындағы алшақтықты азайту жалғасуда. Үндістандағы өндіріске қатысты болжамдардың төмендеуіне байланысты әлемдік нарықтарда қант бағасының айтарлықтай өсуі теңге бағамының нығаюымен тегістелді. Сонымен қатар, қанттың ішкі бағасының өсу қарқыны ұсыныстың өсу жағдайында баяулады.

Өсімдік майына ішкі бағалардың тұрақты болуымен сыртқы бағалар әлемдік импортқа деген сұраныстың төмендеуіне байланысты төмендеп, бағалар арасындағы алшақтықты күшейтті.

4-график. Жекелеген азық-түлік тауарларына әлемдік және ішкі бағалардың серпіні³



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептері


Азық-түлік емес тауарлар 2023 жылғы ақпанда 0,8%-ға қымбаттап, бағаның жылдық өсу қарқыны 20,5%-ға дейін жеделдеді (2023 жылғы қаңтарда – а/а 0,9, ж/ж 20,2%) (5-график). Ақпан айында жүрілген жеңіл автокөліктердің бағасы жылдық мәнде 0,2%-ға

³ Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып, 2019 жылғы желтоқсаннан (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.

төмендеді (2023 жылғы қаңтарда – ж/ж-ға 1,3%-ға өсу). Бұл ретте жаңа автокөліктердің бағасы өсу тұрғысынан 14,7%-ға (ж/ж 15,3%,) дейін баяулады. Теңге бағамының нығаюы мен тұтыну тауарларының импорттық бағасы өсу жағынан баяулап, ақпан айында аудиовизуалды жабдықтардың (теледидар, ноутбук, планшет, құлаққап және т.б.) бағасы 2,5%-ға төмендегені байқалады. Жылдық өсу қарқыны 2023 жылғы қаңтардағы 7,2%-дан 3,8%-ға дейін баяулады. Тұрмыстық техника мен жиһаз бағасының жылдық өсу қарқыны да бәсеңдеген.

Сонымен қатар, 2023 жылғы ақпанда жеке пайдаланылатын тауарлар мен құрылыс материалдарының кейбір түрі тоқтаусыз қымбаттады. Бұл жаңа жеткізушілерге бетбұрыс жасауға және жаңа жеткізу тізбегін құруға байланысты болуы мүмкін. Қыс мезгілінде қатты отынның бағасы да үздіксіз шарықтады. Азық-түлік емес тауарлардың қымбаттауына киім-кешек пен аяқ киім бағасының 18,7%-ға (ж/ж) шарықтауы айтарлықтай үлес қосты.

5-график. Азық-түлікке емес жылдық инфляцияға тауарлардың қосқан үлесі




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері


Халыққа көрсетілетін ақылы қызметтердің бағасы 2023 жылғы ақпанда 1,3%-ға өсіп, жылдық мәнде бағаның өсу үрдісі 15%-ға дейін жеделдеді (2023 жылғы қаңтарда – а/а 0,7%, ж/ж 14,2%) (6-график). Ақпан айында коммуналдық қызметтердің тарифі өсті (7-график). Атап айтқанда, жылу – а/а 6,9%-ға (ж/ж 8,6%), электр қуаты – а/а 0,7%-ға (ж/ж 7,9%), қымбаттады. Домофон қызметі 1,7%-ға (ж/ж 6,8%), тұрғын үйді ұстау ақысы бір айда 1,7%-ға қымбаттады (ж/ж 19,9%). Айта кету керек, 2023 жылдың ақпан айында білім беру қызметінде, әсіресе, мектепке дейінгі және бастауышқа білім беруде, аурухана, шаштараз бен жеке қызмет көрсету мекемелерінде баға үздіксіз және тез өсті. Теміржол мен әуе тасымалы қызметінің тарифтері де шарықтай түсті.

Дегенмен, ақпан айында қоғамдық тамақтану, қонақ үйге қызмет көрсету, кешенді демалыс, ойын-сауық және мәдениет қызметтерінің бағасы жылдық өсу қарқынын баяулатты. Сақтандыру қызметінің бағасы 2023 жылғы ақпанда 2,1%-ға төмендеп, жылдық өсу қарқыны 3,5%-ға дейін баяулады.

6-график. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясына қосқан қызметтердің үлесі



7-график. Коммуналдық қызметтерді тұтыну бағаларының индексі, ж/ж




- Өндіріс құралдары мен аралық тауарлар бағасының төмендеуіне байланысты өңдеу өнеркәсібіндегі баға өсімінің баяулауы
- Қордың жеткілікті болуынан бидайдың арзандауына байланысты ауыл шаруашылығындағы баға өсімінің баяулауы


2023 жылғы ақпанда өндіріс құралдары мен аралық тауарларға баға өсімі баяулағандықтан, өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің инфляциясы ж/ж 9,4%-ға (2023 жылғы қаңтарда – 11%) дейін бәсеңдеді (8- график). Азық-түлік өндіруші кәсіпорындардың бағасы да өсу тұрғысынан аздап баяулады. Тауар топтарында ет өнімдерін, ұн-жарма және макарон өнімдерін өндірушілер бағасы да өсуін бәсеңдетті. Фармацевтикалық өнімдерді өндірушілер бағасы да айтарлықтай баяу қарқынмен өсті. Есесіне, нан өнімдерін өндірушілердің бағасы тез шарықтады.

2023 жылғы ақпанда ауыл шаруашылығы өндірушілерінің баға өсімі ж/ж 7,3%-ға дейін баяулады (2023 жылғы қаңтарда – 8,5%). Өсімдік шаруашылығында күзде жиналған мол өнімге байланысты бидай бағасы төмендегендіктен бағаның өсу қарқыны баяулай береді. Дегенмен, жаңа піскен көкөністердің бағасы тез өсіп жатқанын атап өткен жөн. Мал шаруашылығында тірі мал мен құс етінің және шикі сиыр сүтінің бағасы баяу өсті. Есесіне, жұмыртқаның бағасы өсуін тоқтатқан жоқ (9-график).

8-график. Өнеркәсіптегі бағалар



9-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ